«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72
жалпы білім беретін орта IT
мектеп-лицейі» КММ –нің директоры
С.К.Тойшымановқа
Бас есепші Н.М.Барлықтан

Қызметтік хат №3
05.01.2026 жыл

«RS Solutions» ЖШС әлеуетті өнім берушісі EDU.KZ домен аймағындағы интернет желісінде тұрақты жұмыс істейтін веб-сайттың ақпараттық жүйелерін техникалық қолдау қызметтеріне коммерциялық ұсынысын жолдады. Берілген коммерциялық ұсыныстың негізінде «RS Solutions» ЖШС-ң қызмет бағасы ағымдағы қаржы жылында бес жүз айлық есептік көрсеткіштен (500АЕК) аспайды.

Осылайша, қызметті сатып алу үшін бөлінген сома Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, ағымдағы қаржы жылында 500 АЕК аспайтынын ескере отырып, Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін қолдана отырып «RS Solutions» ЖШС келісім шарт жасауға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Бас есепші **Н.М.Барлық**

Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта IT мектеп-лицейі бойынша

БҰЙРЫҚ

Ақтөбе қаласы **№12 н/қ** **«05» қаңтар 2026 ж.**

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі- Заң) 16- бабының 3-тармағы, 28) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 507-тармағына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1.«EDU.KZ домен аймағындағы интернет желісінде тұрақты жұмыс істейтін веб-сайттың ақпараттық жүйелерін техникалық қолдау қызметтерін» сатып алу бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу.

2.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маман Н.М.Барлық :

-Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

-өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтанбамен куәландырылған шарттың жобасы жіберілсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Негіздеме: Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маманның 05.01.2026 ж №3 қызметтік жазбасы.

Мектеп директоры **С.К.Тойшыманов**

Таныстым: